

Г.К. Курпебаева

*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан  
(E-mail: gaziza-k@mail.ru)*

## **Араб елдерінің әлеуметтік-саяси дамуындағы ислам факторының рөлі**

Мақала Таяу Шығыстағы араб елдеріндегі әлеуметтік-саяси үдерістерде исламның рөлін зерттеуге арналған. Сондай-ақ Таяу Шығыс аймағын қамтыған араб төңкерістерінің тарихи себептері мен әлеуметтік-саяси алғышарттары зерттелді. Автор тарихи тұрғыдан араб елдерінің әлеуметтік-саяси және идеологиялық дамуына талдау жасады. Сонымен қатар көптеген араб мемлекеттерінің авторитарлық басқару үлгісінен либералды үлгіге өту барысындағы негізгі бағыттары мен үрдістерін зерттеді. Сондай-ақ соңғы жылдарда орын алған маңызды саяси оқиғалар исламның араб елдеріндегі саяси үдерісте алатын ерекше орнын айқындайды деген қорытындыға келді. Бүгінгі таңда ислам әлемдік қоғамдастықтың геосаяси үдерістеріндегі ең маңызды факторлардың бірі болып табылады. Ислам факторы көптеген қазіргі заманғы әлеуметтік-саяси және экономикалық мәселелерді реттеу мен шешу жолында ғана емес, сондай-ақ мемлекетаралық қарым-қатынастарға да зор ықпалын тигізіп отыр.

*Кілт сөздер:* араб елдері, ислам факторы, әлеуметтік-саяси даму, дағдарыс жағдайы, этникалық және діни негіздегі қақтығыстар.

Таяу Шығыстағы соңғы оқиғалар аймақтағы саяси үдерістерде исламның өсіп келе жатқан рөлін көрсетеді. Араб елдерінде ислам және діни қайраткерлер дәстүрлі түрде мемлекеттің өзіндік ерекшелігін, билік сипатын, діни заңдардың секулярлық әділеттілікке, ортақ үйлесімділігіне, адам құқықтарын қорғауға, әйелдердің қоғамдағы және елдің ішкі және сыртқы саясатының көптеген аспектілеріне қатысты рөлін анықтауға үлкен ықпал етеді.

Сонымен бірге аймақтағы дәстүрлі қоғам әрқашан этникалық және діни әртүрлілігімен ерекшеленеді. Мұндай мемлекеттерде әлеуметтік қатынастар, әдетте, діни, этникалық, және тайпалық қауымдастығына негізделген. Дағдарыс жағдайында бұл этникалық және діни негіздегі қақтығыстарды тудыруы мүмкін. Бүгінгі таңда Таяу Шығысқа этникалық және конфессиялық белгілері бойынша ыдырау қаупі төніп тұр. Билік пен территория үшін күреске негізделген алдыңғы қақтығыстар өзінің қырып-жою әлеуетін көрсетті. Бірақ этникалық немесе діни негіздегі қақтығыстардың зардаптары олардан әлдеқайда тереңірек болуы мүмкін. Конфессионализм мен ұлтшылдық этникалық сепаратизм мен діни қақтығыстарға алып келеді және Таяу Шығыс елдерінің мемлекеттік тұтастығын сақтауға елеулі қатер төндіреді.

XX–XXI ғасырлардағы Таяу Шығыстағы араб елдерінде орын алған маңызды саяси оқиғалар арабтардың экономикалық, саяси және рухани өмірінің түрлі салаларына ықпалын тигізді. Бұл адамдардың санасында елеулі өзгерістерге әкеліп, қоғамдық-саяси сананың жаңа элементтерін қалыптастыруда материалдық алғышарттардың пайда болуына септігін тигізді. Мұның бәрі Араб Шығысындағы заманауи әлеуметтік және саяси ойдың эволюция үдерісі мен араб халықтарының мінез-құлықтарына белгілі бір із қалдырғаны анық.

Араб әлемі — Таяу Шығыстың этникалық негізін құрайды. 2016 жылғы мәлімет бойынша, Араб әлемі — бұл шамамен 350 миллион адам, жалпы ішкі өнім бес триллион АҚШ долларына тең және Жердің көмірсутегі байлығының шамамен 70 пайызы [1]. Араб елдерінің саяси жүйелері қазіргі уақытта мемлекеттік құрылымдардың, саяси партиялардың, ұйымдардың және әлеуметтік-саяси сипаттағы бейресми ағымдардың шиеленісуін білдіреді, бұларды тұтастай алғанда Араб Шығыстағы мемлекеттердің саяси өмірінің қазіргі заманғы нысандары деп санауға болады [2]. Араб елдері халық санының үлкен өзгерістерін бастан кешті [3]. Халықтың шамамен 30 пайызы — 20-35 жас аралығындағы жастар, бұл көрсеткіш жастардың саны жоғары екендігін көрсетеді [4].

XX–XXI ғасырдың тоғысында Таяу Шығыстағы араб елдеріндегі әлеуметтік-саяси сананың дамуы бірнеше өзара әсер ететін факторлармен анықталады. Бір жағынан, арабтар мен исламдық ынтымақтастық идеясы мен христиан әлеміне мыңжылдық қарсыласу тәжірибесі, сондай-ақ крестшілерге қатысты жеңістердің тарихи есімі және еуропалық отаршылдық экспансиясына төтеп бере алмау — жаппай араб санасында терең тамыр жайған. Екінші жағынан, XIX ғасырда басталған «батыстандыру» мен жаңғырту үдерістері әртүрлі әлеуметтік топтар мен араб қоғамына елеулі әсер

етті. Әрбір араб мемлекеті өзінің тарихымен, халықтың этникалық және конфессиялық құрамымен, оның ұлттық әдет-ғұрпымен және салт-дәстүрімен ерекшеленеді. Сонымен қатар араб халықтарының дүниетанымдық мінез-құлқында сенімнің негізгі элементтері, ортақ тілі, аумағы, шығу тегі мен тарихи тағдырымен байланысты белгілі бір жалпы қағидалар қалыптастырылған. Осылайша, араб халықтарының басым бөлігі Батыстың мәжбүрлеп енгізген жаһандану үдерістері мен саяси жаңғыртуды мақұлдамады. Олардың көзқарасы бойынша, бұл үдерістер байлар мен кедейлердің арасындағы алшақтықты тереңдетумен қатар, қоғамның түрлі топтарына зақымын келтіреді. Араб көтерілістері қарсаңындағы әлеуметтік жағдайдың шиеленісуі Таяу Шығыстағы барлық араб елдері үшін, тіпті Парсы шығанағындағы мұнай өндіретін монархиялар үшін де тән құбылыс болды.

Бұл құбылыс ішкі және сыртқы факторларға байланысты болды. Айта кететін болсақ, дербес билік, конфессиялық, таптық және қауымдық қауымдастық қағидаларына негізделген тұрақты авторитарлық билік жүргізу жағдайында демографиялық өсу мен урбанизация үдерістерінің қарқынды дамуы нәтижесінде араб елдерінің қалалық тұрғындарының маңызды бөлігінің маргинализациялануы еді. Араб елдеріндегі жұмысшы топтардың көп бөлігінің кедейлігі елдегі негізгі қаржылық ағымдарды бақылайтын жоғарғы билік тұлғаларының баюымен сипатталды. Осылайша, 2003 жылдан 2004 жылға дейінгі кезеңде Таяу Шығыстағы бай адамдардың жеке байлығының жалпы көлемі өсті және 1–1,3 триллион АҚШ долларын құрады. Дегенмен, бұл көрсеткіш әлемнің кез келген аймағынан гөрі әлдеқайда жылдам өсім көрсетті. Таяу Шығыстағы бай адамдар санының жыл сайынғы өсу қарқыны алдағы бірнеше жылда 9,1 пайызға жетуі мүмкін [5]. Осымен қатар, араб халқының сауаттылығы өсті, ерлер мен әйелдердің мәдени деңгейлері бірте-бірте жақындап келді, сонымен бірге халықтың қоғамдық санасы өзгерді. Мұндай динамика негізінен жаңғырту үдерістерінің дамуымен байланысты болғанымен, араб елдерінің даму жағдайында бұл Батыстың демократия мен реформалар идеяларына қарсы шығуы мүмкін.

Өткен ғасырдың соңғы ширегінде демократиялық ағымдар дамушы және бұрынғы коммунистік әлемнің көп бөлігін қамтиды. Дегенмен осы уақытқа дейін араб әлемі осы революциядан зардап шеккен жоқ. Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасы басып шығарған, араб зиялыларының көрнекті тобы дайындаған Адам дамуы туралы бірінші араб есебіне сүйенсек, араб елдерінде саяси жүйе «барлық азаматтарға ашық болған жоқ» және «бас бостандығының тапшылығы» сипатталған, бұл шын мәнінде өкініш білдірумен қатар, араб әлеміндегі саясатқа қатысу өзге дамушы аймақтарға қарағанда бәсеңдеу дамығанын көрсетеді [6]. Кейінгі есептерде бұл бағалау расталды. Томас Карозерс пен Марина Оттевей халықаралық бейбітшілік үшін Карнеги қорының мүшелері, демократия бағытында араб елдерінің көбісінде демократия бағытында жетістіктер аз екенін жазды [7].

Екінші жағынан, АҚШ-тың терроризмге қарсы соғысы, Иракта АҚШ әскерлерінің болуы, Палестина-Израиль қақтығысы — Араб Шығыс елдерінде әлеуметтік шиеленістің өсуіне себеп болды [8]. Қауіпсіздік күштері осы үдерістерді бақылауға тырысты. Дегенмен, араб басшылары мұндай демонстрациялар саяси жүйеден тыс және саяси режимді тұрақсыздандыруы мүмкін деп қауіптенді. Арнайы қызметтер және осы елдердің тұрақты қызметтері қиын жағдайға тап болды. Шын мәнінде, оларға өз халқының көпшілігінің пікіріне қарсы тұруға тура келді. Бұл жағдай жаппай халықтық көтеріліс жағдайында араб елдеріндегі ішкі саяси жағдайды тұрақсыздандыруы мүмкін. Іс жүзінде, бұл араб елдеріндегі исламшылдық сезімдердің өсуі мен радикалды ислам қозғалыстарының белсенділігінің артуымен және олардың өкілдері демократия туы мен реформалар аясында мемлекеттік билік орындарында өзін-өзі құруға ұмтылуымен сипатталады. «Шынайы немесе түпнұсқа» исламға оралу идеологиясы араб қоғамына батыс мәдениеті мен оның күнделікті тұрмыс-тіршілікке ықпалымен және оның дәстүрлі қоғам құндылықтарына нұқсан келтірумен қатар жүрді.

Айтып кеткен мәселелер көптеген араб елдерінің қазіргі саяси қалыптасуының негізі болып табылатын ұлтшылдық қағидасымен қиындады. Осман империясы ыдырағаннан кейін тәуелсіз мемлекеттер осы қағида негізінде қалыптасты, қоғамдардың көпконфессиялық және көпұлтты сипаты көбінесе отаршылдық кезеңде ұлттық шекараны ерікті түрде қалыптастырумен байланысты болды. Нәтижесінде тәуелсіз араб мемлекеттерінің мемлекеттің тұрақтылығы мен аумақтық тұтастығы үшін әлеуетті қауіп пайда болды. Бір жағынан, олардың пайда болуы отаршылдыққа қарсы соғысқан туы астында ұлтшылдық қағидасына негізделген. Бұл тұрғыдан алғанда, олардың саяси ұйымы, әрине, ұлт-мемлекетті бейнеледі. Екінші жағынан, көпконфессиялы және көпұлтты қоғамдағы ұлтшылдық мемлекеттің орталықсыздандырудың жасырын қауіпін төндіреді, себебі көптеген ішкі және сыртқы факторлардың ықпалымен ол этникалық және діни қауымдастықтардың тәуелсіздік үшін күресте

пайдалануы мүмкін. Осындай жағдайда ыдырау үрдістерін еңсерудің жалғыз жолы биліктің авторитаризмі болды, оның сөзсіздігі мен беделі жаңа басшылыққа деген адалдық күші мен қағидасына негізделген болатын [9]. Алайда ұзақмерзімді перспективада бұл әдістер мен құралдардың тиімді болуы шамалы, ал революциялық көтеріліс жағдайында олар жеке мемлекеттердің аумақтық тұтастығына тікелей қатер төндіреді.

Ұлттық мемлекеттің заңдылығы, басқа да саяси ұйымдар сияқты, ең алдымен, оның азаматтарының өмірі және олардың өркениеттік құндылықтарын қорғауға қабілеттілігімен сипатталады. Алайда араб елдері жаһандану үдерісіне тартылғандықтан, бұл қабілет біртіндеп эрозияға ұшырады. Аймақтың көптеген елдерінің экономикасы индустрияландырылған жағдайда, байланыс, көлік және коммуникация, заманауи технологиялар, өнеркәсіптік қару өндірісі ұлт-мемлекеттің бұл қорғаныс функциясын әлсіретті. Сонымен қатар Араб Шығысындағы жаңадан қалыптасқан мемлекеттердің айтарлықтай саны саяси және әскери жағынан әлсіз, экономикалық тұрғыдан қабілетсіз болып шықты. Олар тиімді басқаруды қамтамасыз ете алмады, өз халқын өз бетінше тамақтандырып, өздерін қорғай алмады. Сондықтан аймақтағы елдердің көбі күштің белгілі бір тепе-теңдігін сақтау үшін күшті мемлекеттерден көмек іздеуге мәжбүр болды.

1990–2000 жылдардың басындағы геосаяси жағдайдың өзгеруі Таяу Шығыста қалыптасқан күштер тепе-теңдігін жойды. АҚШ пен кейбір Батыс елдерінің «исламдық» терроризмге қарсы күрестің аясындағы аймақ мемлекеттерін мәжбүрлеп демократияландыруға бағытталған қысым саясаты Таяу Шығыстағы «авторитарлық кеңістіктің» қалыптасуына алып келді, ол саяси ислам мен этноконфессиялық сепаратизм қозғалыстарына толы болды.

Стратегиялық және халықаралық зерттеулер орталығын басқаратын танымал американдық сарапшы Кордесманның айтуынша, басты мәселе Батыс пен Ислам әлемінің өркениеттерінің қақтығыстарында емес, араб-ислам әлеміндегі ішкі қарама-қайшылықтарда жатыр. Бұл жерде араб әлемі саяси, экономикалық, мәдени және демографиялық мәселелерін реформа мен өзгерістер жолымен шеше алатындығы туралы немесе ол көптеген зорлық-зомбылық пен революцияларға тап болады деген сұрақ туындайды [10].

Мұндай жағдайларда мемлекеттік тәртіптің негізі болып табылатын ұлтшылдық енді қоғамды саяси ұйымдастыру, оны жүзеге асыру және тұрақтылықты сақтап қалудың тиімді құралы бола алмайды, бірақ анархияға бейімділік үрдісіне итермеледі. Таяу Шығыс елдерінің үкіметтеріне ішкі тұрақтылықты қамтамасыз ету және олардың қуатты көршілерімен теңдестірілген қарым-қатынас жасау қиынға соқты. Ішкі тәртіптің болмауы және саясатта анархисттік үрдістердің күшеюі Таяу Шығыстың геосаяси, энергетикалық, көлік және байланыс маңыздылығын ескере отырып, Таяу Шығыс аймағына ғана емес, бүкіл әлемге қауіп төндіреді.

Тарихи тұрғыдан алғанда араб ұлтшылдығының дамуы зайырлы және діни бағыттардың өзара қатынас үдерісі негізінде жүзеге асырылды. Біреуінің екіншісінен басымдығы, ең алдымен, араб елдерінің дамуының нақты тарихи жағдайларына және аймақта қалыптасқан саяси конъюнктураға байланысты болды. XX ғасырдың екінші жартысындағы араб ұлтшылығы XIX ғасырдың соңындағы саяси қозғалыстардың идеология өзгерісі болып табылады. XIX ғасырдың соңында арабтардың мәдени және білім беру қозғалысы элементтерінің бірі ретінде пайда болған араб ұлтшылығы бірден саяси қозғалыстарының идеялық ағыны болып табылатын арабтардың қоғамдық-саяси санасында жетекші үрдіс болмады. Ұзақ уақыт бойы пан-исламизм және османизмнің идеялары пан-арабизмнің дамуына кедергі болды. XIX–XX ғғ. көптеген араб саясаткерлері араб ұлтшылдық идеяларына өте күмәнмен қарады және христиан Батысының экспансиялық ұмтылыстарына төтеп бере алатын жалғыз қуатты ислам мемлекетінің — Осман империясының күшін жояды деп сенді. Сондықтан сол кезеңдегі араб ұлтшылдық идеялары негізінен пан-исламизм мен османизмнің аясында дамыды. 1916 жылғы Ұлы араб көтерілісі араб бірлігі идеясының эволюциясында елеулі оқиға болды, бұл көтеріліс кезінде арабтар қолдарына қару ұстап, дербес араб империясын құру үшін Осман билігіне қарсы ашық түрде шыққан еді.

Алайда XX ғасырдың 1930–1940-жылдарында Араб Шығысында исламның алатын орны айтарлықтай күшейе түсті. Исламизм араб-мұсылман әлеуметтік ойының құбылысы ретінде ислам дінін, мәдениетін және тарихи дәстүрлерін сақтауды қоғамның әрі қарай дамуының маңызды шарты ретінде қарастыратын кейбір мұсылмандардың көңіл-күйін көрсетеді. 2000 жылдың басында араб елдерінде, әсіресе, жастар ортасында мұсылмандарды сәйкестендіру мен исламның саясаттануына көбірек көңіл бөлінуде. Бұған қоса, бұл үдеріс тек діни ғана емес, сонымен бірге мәдени және әлеуметтік-саяси сипатқа ие екенін атап өткен жөн [11].

Қазіргі уақытта араб елдерінің зайырлы саясаткерлері азаматтық қоғам құрудың тарихи қажеттілігін түсініп отыр. Сонымен бірге Шығыс елдерінде қажетті экономикалық институттардың болмауы мен олардың тарихи даму ерекшеліктері Батыс үлгісіне сәйкес қоғамды құру мүмкін емес екендігін көрсетеді. Саясаткерлердің ойынша, Таяу және Орта Шығыстың кейбір мұсылман елдерінде Батыстағыдай азаматтық қоғам құрудың жалғыз қолжетімді жолы — ислам фундаментализмі болып табылады [12]. Ал басқа пікірге жүгінетін болсақ, қазіргі кезеңде авторитаризмнің негізгі қызметі өз мәресіне жетті. Өнеркәсіптік дәуірдің шынайылығы жаңа саяси тәртіпті қажет етеді. Бұл үдерістің жеделдетуіне жаһанданудың ықпалы бар. Нәтижесінде авторитарлық мемлекеттердің көпшілігі, ең алдымен, саяси белсенді бөлігі демократия бағытындағы өзгерістерді талап етеді. Сарапшының пікірінше, Латын Америкасы, Оңтүстік Корея, Тайвань, Филиппин, Индонезия және басқа да Азия мен Мұхиттың басқа да көптеген елдері авторитаризм үшін осы сын кезеңінен өтті және ендігі кезек — араб әлемінде [13].

Парсы шығанағы аймағында геосаяси үдерістерді дамытудың маңызды факторына саяси исламды жатқызуға болады. Саяси ислам тек діннің өзін ғана емес, сонымен қатар араб әлемінің әлеуметтік-саяси құрылымының саяси, идеологиялық, әлеуметтік-экономикалық негіздерін де қамтиды. Қазіргі уақытта Парсы шығанағының елдері исламды саяси салаға белсенді түрде бейімдеуде, оны билік үшін күресуде пайдаланады. Саяси исламның күшеюі Парсы шығанағы елдерінің дәстүрлі қоғамы ұлттық бірегейлікті қорғай отырып, ислам радикализмін белсенді түрде қолдайды. Исламдық ынтымақтастықтың қайнар көзі дәстүрлі араб қоғамының құндылықтары болып табылады. Алайда өздерін режимнің негізгі қарсыластары деп санайтын исламшылар кең ауқымды әлеуметтік қорғау ие болуымен қатар, бүгінгі тұрақсыздықты өз пайдасына пайдалануы әбден мүмкін [14].

Діни көңіл-күйдің өсуі, қоғамның исламдануының тереңдеуі аймақтағы демократиялық үдерістерге кері ықпал етеді. Сонымен қатар егер ХХ ғасырдың екінші жартысына дейін ислам әлемі ғаламдық шешімдерді қабылдау орталығынан бөлектенсе, қазіргі кезде ислам әлемдік қоғамдастықтың геосаяси үдерістеріндегі ең маңызды факторлардың бірі болып табылады. Ислам факторы көптеген қазіргі заманғы әлеуметтік-саяси және экономикалық мәселелерді реттеу мен шешу жолында ғана емес, сондай-ақ мұсылман және мұсылман емес елдердің мемлекетаралық қарым-қатынастарына зор ықпалын тигізіп отыр. Соңғы онжылдыққа тән ерекшеліктің бірі — ислам факторының геосаяси үдерістерде ықпалының күшеюі. Егер бұрын саяси ислам идеологиясы ұлттық сипатқа ие болып, сол мемлекеттердің тоталитарлық режимдеріне қарсы бағытталған болса, қазір бұл саяси қозғалыс өзгеріске ұшырады. Қазіргі таңда саяси ислам идеологиясы аймақтық шеңберден ауытқып, трансұлттық саяси сипатқа ие болды. Ислам факторының ықпалы биліктің теократиялық негіздемесінде, мемлекет пен саяси үдерістерде көрініс табады. Бәрі де Құдайдың заңына, дін қағидаларына және оның ережелеріне қызмет ету керек. Исламдану желісі биліктің заңдылығын біріктіреді, бұл Құранның ережелеріне сәйкес үкімет тарапынан шарифат заңдарына және әділеттілікке құрметпен қарауды талап етеді.

Араб елдерінде ислам діннің алатын орны ерекше, оның саясаттануы, кейде экстремизмге жетуі соңғы онжылдықта саяси өмірдің маңызды факторына айналып отыр. Исламның алатын орны мен рөлі оның жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің барлық аспектілерін, соның ішінде сыртқы саясатты реттей бастағанынан байқауға болады. Сондай-ақ мұсылмандар әртүрлі мемлекеттерде өмір сүріп жатқандықтарына, тарихына, әртүрлі этносқа жататынына қарамастан, өздерін бірыңғай діни қауымдастыққа жатқызу сенімімен ерекшеленеді, яғни ислам біріктіруші функциясын атқарады. Нәтижесінде, исламдық ынтымақтастық факторы қоғамда да, араб мемлекеттерінің саяси элиталарында да белгілі бір рөл атқарады. Ислам иудаизм мен христиандықтың бұрмалануларынан босатылған ең «таза» және «әділ» дін ретінде түсініледі.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Жумалы Р.Б. Арабский пасьянс. Хроники столетия / Р.Б. Жумалы. — Астана: КИСИ, 2016. — 7 с.
- 2 Сапронова М.А. Политические системы арабских стран: учеб. пособие / М.А. Сапронова. — Казань: Изд-во Казан. ун-та, 2015. — 11 с.
- 3 Sadiki L. Popular Uprisings and Arab Democratization / L. Sadiki // International Journal of Middle East Studies. — 2000. — 32. — P. 71–79.

- 4 Totten M.J. Arab Spring or Islamist Winter? /M.J. Totten // World Affairs Journal. — 2012. — 174(5). — 23 p.
- 5 Подгорнова Н.П. Страны Магриба в поисках оптимального пути развития / Н.П. Подгорнова. — М., 2016. — 36 с.
- 6 Arab Human Development Report [Electronic resource]. — 2002. — Access mode: [http://hdr.undp.org/sites/default/files/rbas\\_ahdr2002\\_en.pdf](http://hdr.undp.org/sites/default/files/rbas_ahdr2002_en.pdf)
- 7 Carothers T. Think again: Middle East democracy / T.Carothers // Foreign policy. — 2009. — Vol. 5. — 26.
- 8 Политическая культура и деловая этика стран Востока. — М.: Ключ-С, 2006. — 300 с.
- 9 Anderson L. Searching Where the Light Shines: Studying Democratization in the Middle East / L. Anderson // Annual Review of Political Science. — 2006. — Vol. 9. — P. 189–214.
- 10 Kordesman E. Clash for civilization [Electronic resource] / E. Kordesman. — 2015. — February 18. — Access mode: <https://www.csis.org/analysis/clash-civilization>.
- 11 Долгов Б.В. Арабский мир в начале XXI в.: между демократией и исламизмом / Б.В. Долгов // Восток-Oriens. — 2009. — № 5. — С. 89–100.
- 12 Касаев Э.О. Тенденции внутренней и региональной политики арабских стран / Э.О. Касаев // Восток-Oriens. — 2010. — № 2. — С. 143–148.
- 13 Труевцев К.М. Арабская весна — ход, акторы и промежуточные итоги / К.М. Труевцев // Политика. — 2012. — № 1(64). — 32 с.
- 14 Лаумулин М.Т. Арабская весна 2011 года: социально-политические изменения на Арабском Востоке и их международные последствия / М.Т. Лаумулин. — Алматы: КИСИ, 2011. — 168 с.

Г.К. Курпебаева

### **Роль исламского фактора в общественно-политическом развитии арабских стран**

Сегодня ислам является одним из важнейших факторов в геополитических процессах мирового сообщества. В статье исследована роль ислама в общественно-политическом развитии арабских стран Ближнего Востока. Описано социально-политическое и идеологическое развитие арабских стран, и изучены исторические причины и социально-политические предпосылки арабских волнений, охвативших Ближневосточный регион. Проанализированы основные тенденции перехода от модели авторитарного управления многих арабских государств к либеральной модели. Автор приходит к выводу, что значительные политические события, которые произошли в последние годы, определили особое место ислама в политическом процессе в арабских странах. Исламский фактор оказывает большое влияние не только на урегулирование и разрешение многих современных социально-политических и экономических вопросов, но и на межгосударственные отношения.

*Ключевые слова:* арабские страны, исламский фактор, социально-политическое развитие, условия кризиса, этнический и религиозный характер столкновения.

G.K. Kurpebayeva

### **The role of the Islamic factor in the socio-political development of the Arab countries**

The article is devoted to the study of the role of Islam in the socio-political development of the Arab countries. The article analyzes the socio-political and ideological development of the Arab countries and explores the historical causes and socio-political preconditions of the Arab unrest that swept the Middle East region. The main trends of the transition from the authoritarian regime of many Arab states to the liberal regime were analyzed. The author comes to the conclusion that significant political events that occurred in recent years have determined the special place of Islam in the political process in the Arab countries. Today Islam is one of the most important factors in the geopolitical processes of the world community. The Islamic factor has a great influence not only on the settlement and resolution of many contemporary socio-political and economic issues, but also on interstate relations.

*Keywords:* arab countries, islamic factor, socio-political development, conditions of crisis, ethnic and religious nature of the clash.

## References

- 1 Zhumaly, R.B. (2016). *Arabskii pasians. Khroniki stoletia [Arabian solitaire. Chronicles of the Century]*. Astana: KISI [in Russian].
- 2 Saponova, M.A. (2015). *Politicheskie sistemy arabskikh stran [Political systems of the Arab countries]*. Kazan: Izdatelstvo Kazanskogo universiteta [in Russian].
- 3 Sadiki, L. (2000). Popular Uprisings and Arab Democratization. *International Journal of Middle East Studies*, 32, 71–79.
- 4 Totten, M.J. (2012). Arab Spring or Islamist Winter? *World Affairs Journal*, 174(5), 23.
- 5 Podgornova, N.P. (2016). *Strany Mahriba v poiskakh optimalnogo puti razvitiia [The Maghreb countries in search of the best way of development]*. Moscow [in Russian].
- 6 Arab Human Development Report (2002). *hdr.undp.org*. Retrieved from [http://hdr.undp.org/sites/default/files/rbas\\_ahdr2002\\_en.pdf](http://hdr.undp.org/sites/default/files/rbas_ahdr2002_en.pdf)
- 7 Carothers, T. (2009). Think again: Middle East democracy. *Foreign policy*, 5, 26.
- 8 Politicheskaia kultura i delovaia etika stran Vostoka (2006) [Political culture and business ethics of the East]. Moscow: Klyuch-S [in Russian].
- 9 Anderson, L. (2006). Searching Where the Light Shines: Studying Democratization in the Middle East. *Annual Review of Political Science*, 9, 189–214.
- 10 Kordesman, E. (201518). Clash for civilization. *csis.org*. Retrieved from <https://www.csis.org/analysis/clash-civilization>.
- 11 Dolgov, B.V. (2009). Arabskii mir v nachale XXI v.: mezhdru demokratiiei i islamizmom [The Arab World at the Beginning of the 21st Century: Between Democracy and Islamism]. *Vostok-Oriens*, 5, 89–100 [in Russian].
- 12 Kasayev, E.O. (2010). Tendentsii vnutrennei i rehionalnoi politiki arabskikh stran [Trends in domestic and regional policies of Arab countries]. *Vostok-Oriens*, 2, 143–148 [in Russian].
- 13 Truyevtsev, K.M. (2012). Arabskaia vesna — khod, aktory i promezhutochnye itohi [The Arab Spring — the course, actors and subtotals]. *Politika – Politia*, 1(64), 32 [in Russian].
- 14 Laumulin, M.T. (2011). *Arabskaia vesna 2011 hoda: sotsialno-politicheskie izmeneniia na Arabskom Vostoke i ikh mezhdunarodnye posledstviia [Arab Spring 2011: socio-political changes in the Arab East and their international implications]*. Almaty: KISI [in Russian].